



REPORT ARCHIVE COPY

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

2011 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
жеке қаржылық есептілігі

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

	БЕТ
2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-3
2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ	
Қаржылық жағдай жөніндегі жеке есеп	4-5
Жиынтық кіріс жөніндегі жеке есеп	6
Капиталдағы өзгерістер жөніндегі жеке есеп	7
Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі жеке есеп	8- 9
Жеке қаржылық есептілігіне ескертулер	10-44

**2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ
МӘЛІМДЕМЕСІ**

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») басшылығы 2011 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сонымен бірге сол күні аяқталған жыл іші оның қызметінің нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер пен ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетілетін жеке қаржы есептілігін дайындауға жауапты.

Жеке қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясаты қағидасын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, оның ішінде осындай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырылмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін есеп саясаты туралы деректі ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылар түсінуіне осы немесе басқа мәмілелер әсері, сондай-ақ басқа оқиға немесе жағдай қаржылық жағдай және қызметтің қаржылық нәтижелеріне жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның өз қызметін келешекте де жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ мыналарға жауаптылықта болады:


- Компанияның ішкі бақылау сенімді және тиімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез-келген сәтте жеткілікті дәлдікпен беруге және ХҚЕС талаптарына жеке қаржы есептілігінің сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына және ХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуге;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық мүмкін болатын шаралардың қолданылуына; және
- алаяқтық пен басқа да теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға.

2011 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға жасалған осы қаржылық есептілікті «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ басшылығы мақұлдады және оны 2012 ж. 30 шілдеде шығару үшін бекітілді.

Компания басшылығының атымен


Ә.Қ. Жетенова
Басқарушы директор




Б.А. Мұлышев
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп
департаментінің директоры

2012 ж. 30 шілде
Астана қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБИ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ Акционеріне:

Біз қоса беріліп отырған 2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы жөніндегі жеке есепті және сол күні аяқталған жыл іші жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі жеке есептерді, сондай-ақ есептік саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктемелерді қамтитын «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») жеке қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың жеке қаржы есептілігі үшін басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес осы жеке қаржы есептілігін дайындау және дұрыс табыс етілуі үшін, сондай-ақ басшылық қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп есептейтін, теріс пиғылды іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ ішкі бақылау жүйесін құру үшін жауаптылықта болады.

Аудиторлар жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз осы жеке қаржылық есептілік туралы өзіміз жүргізген аудит негізінде пікір білдіруден тұрады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың әдеп нормаларын сақтауын, сондай-ақ аудиттің жеке қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлануы мен жүргізілуін талап етеді.

Аудит жеке қаржылық есептілікке сандық көрсеткіштер мен ескертулерге қатысты аудит дәлелдерін алу үшін қажет рәсімдерді өткізуден тұрады. Рәсімдерді таңдау ықпалсыз іс-қимылдардың немесе қателердің салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы қатерін бағалауды қосқанда, аудиторлардың кәсіби пайымдауларына негізделеді. Мұндай тәуекелдерді бағалау ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір айту үшін емес, аталған жағдайларда қолданылатын аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен жеке қаржылық есептілікті дайындауға және нақтылығына ішкі бақылау жүйесін қарастырудан тұрады. Аудитке сондай-ақ қолданылған есеп саясатының заңдылығы мен басшылық жасаған болжамдардың негізділігін бағалау, тұтастай жеке қаржылық есептілікті бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудит дәлелдерді пікір білдіру үшін жеткілікті, әрі тиісті негіз болатынына сенімдіміз.

Пікір

Біздің пікірімізше, жеке қаржы есептілігі Компанияның 2011 ж. 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жыл іші оның қызметінің нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

Басқа да мәселелер

2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға Компанияның жеке қаржы есептілігін басқа бір аудитор тексерген, ол 2011 ж. 29 шілдедегі осы жеке қаржы есептілігі бойынша шартты-болымды пікір айтқан. 2011 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға жеке қаржы есептілігіне аудит жүргізу кезінде 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға жеке қаржы есептілігіне түзетулер енгізу үшін қолданылған 4-ескертуде сипатталған түзетулер мен қайта жіктеуді тексердік. Біздің ойымызша, бұл түзетулер мен қайта жіктеулер тиісті сипатталған және дұрыс орындалған. Біз аталған түзетулер мен қайта жіктеулерге қатысты рәсімдерді қоспағанда, 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші Компанияның жеке қаржы есептілігіне қатысты тексеріс, шолу немесе басқа да рәсімдерді жүргізген жоқпыз, және тиісінше, 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші жеке қаржы есептілігіне қатысты аудиторлар пікірін немесе кез келген басқа сенімділік білдірмейміз.



Татьяна Гутова
Қазақстан Республикасы
Білікті аудитор
Біліктілік куәлігі 1996 ж. 23 желтоқсандағы
№0000314.

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 жылы 13 қыркүйекте берген
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы
№00000015, түрі МФЮ – 2.

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2012 ж. 30 шілде
Алматы қ.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңге)

	Ескерту- лер	2011 31 желтоқсаны	31 желтоқсан 2010 ж. (қайта есептелген *)	1 қаңтар 2010 ж. (қайта есептелген *)
АКТИВТЕР				
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:				
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	5	292,949	360,618	359,235
Материалдық емес активтер		54,105	59,932	69,873
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	54,753	-	-
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	7	1,662,036	1,576,931	1,414,831
Кауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	8	301,585	209,608	209,608
Бірлескен кәсіпорындарына инвестициялар	9	1,282,986	87,336	75
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	27	58,051	62,843	15,644
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		4,417	15,767	4,417
		<u>3,710,882</u>	<u>2,373,035</u>	<u>2,073,683</u>
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:				
Босалқылар	10	232,941	229,950	283,261
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	11	419,629	443,178	413,925
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		3,521	3,521	3,521
Өтеуге өзге де салықтар		7,033	10,097	13,187
Қаржы жалы бойынша дебиторлық берешек		191,537	319,187	445,997
Берілген қарыздар	12	493,395	297,700	342,029
Өзге де ағымдағы активтер	13	357,967	91,400	8,590
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	14	2,798,077	4,354,325	82,436
		<u>4,504,100</u>	<u>5,749,358</u>	<u>1,592,946</u>
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		<u>8,214,982</u>	<u>8,122,393</u>	<u>3,666,629</u>
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
КАПИТАЛ:				
Жарғылық капитал	15	12,101,802	12,101,802	7,381,594
Қосымша төленген капитал	16	94,223	94,223	94,223
Жабылмаған залал		(4,500,518)	(4,419,730)	(4,319,326)
		7,695,507	7,776,295	3,156,491
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Банктен тыс қарыздар	17	-	108,947	-
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	66,000	-	-
		<u>66,000</u>	<u>108,947</u>	<u>168,606</u>

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2011 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(мың теңге)**

	Ескерту- лер	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж. (қайта есептелген *)	1 қантар 2010 ж. (қайта есептелген *)
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Банктен тыс қарыздардың ағымдағы бөлігі	17	127,827	88,878	-
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	18	80,627	133,418	23,801
Төлеунуге тиіс өзге салықтар	19	101,306	11,668	15,148
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	20	143,715	3,187	302,583
		<u>453,475</u>	<u>237,151</u>	<u>341,532</u>
КАПИТТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ				
		<u>8,214,982</u>	<u>8,122,393</u>	<u>3,666,629</u>

*4-Ескертуде көрсетілгендей саналды

Компания басшылығының атынан


Ә.Қ. Жетенова
Басқарушы директор




Б.А. Мұхышев
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік
есеп департаментінің директоры

2012 ж. 30 шілде
Астана қ.

10-44 беттердегі ескертулер осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңге)

	Ескерт- пе	2011 ж	2010 ж. (қайта есептелген *)
КІРІСТЕР	21	13,076,888	1,663,464
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	22	<u>(12,120,831)</u>	<u>(1,558,407)</u>
ЖАЛПЫ ПАЙДА		956,057	105,057
Жалпы және әкімшілік шығындар	23	(756,030)	(467,684)
Резервтер бойынша шығындар	24	(600,637)	(53,303)
Өзге де табыстар		13,206	72,560
Бағамдық айырмадан түскен таза табыс,		1,628	4
Дивидендтер бойынша табыс		332,702	216,145
Қаржылық табыс	25	157,216	14,481
Қаржылық шығындар	26	<u>(30,002)</u>	<u>(29,219)</u>
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА/(ЗАЛАЛ)		74,140	(141,959)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША (ШЫҒЫНДАР)/ҮНЕМ	27	<u>(38,928)</u>	<u>47,199</u>
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА ПАЙДА/(ЗАЛАЛ) ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС/(ЗАЛАЛ)		<u>35,212</u>	<u>(94,760)</u>

4 Ескертуде көрсетілгендей саналды

Компания басшылығының атынан


Ә.Қ. Жетенова
Басқарушы директор




Б.А. Мұлышев
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік
есеп департаментінің директоры

2012 ж. 30 шілде
Астана қ.

10-44 беттердегі ескертулер осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңге)


	Ескерту- лер	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Жабылмаған залал	Барлығы
2010 ж. 1 қаңтарына (алдында шыққан есептілікке сәйкес)		7,381,594	-	(4,068,891)	3,312,703
Қайта есептеу	4	-	94,223	(250,435)	(156,212)
2010 ж. 1 қаңтарына (саналған*)		7,381,594	94,223	(4,319,326)	3,156,491
Жыл ішіндегі залалдың және жалпы жиынтық залалдың барлығы		-	-	(94,760)	(94,760)
Өзгелері	4	-	-	(5,644)	(5,644)
Төленген капитал		4,720,208	-	-	4,720,208
2010 ж. 31 желтоқсанына (саналған)		12,101,802	94,223	(4,419,730)	7,776,295
Жыл ішіндегі пайда және жиынтық табыс		-	-	35,212	35,212
Дивидендтер	15	-	-	(116,000)	(116,000)
2011 ж 31 желтоқсанына		12,101,802	94,223	(4,500,518)	7,695,507

4 Ескертеде көрсетілгендей саналды*

Компания басшылығының атынан


Ә.К. Жетенова
Басқарушы директор




Б.А. Мұлышев
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік
есеп департаментінің директоры

2012 ж. 30 шілдесі

10-44 беттердегі ескертулер осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңге)

	Ескерту- лер	2011 ж.	2010 ж. (қайта есептелген*)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Табыс салығы бойынша шығындарды есептегенге дейінгі пайда/(залал)		74,140	(141,959)
Түзетулер:			
Амортизация және тозу	23	42,530	38,178
Күмәнді берешек бойынша резерв	24	457,915	53,303
Алынған қаржы көмегінің әділ құнына дейін түзету амортизациясы	26	30,002	29,219
Берілген қаржы көмегінің әділ құнына дейін түзету амортизациясы	25	(83,155)	(5,297)
Инвестицияның құнсыздануына резерв	24	49,109	-
Қызметкерлердің сыйақылары бойынша резерв	24	69,000	-
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың шығуынан пайда		(3,637)	-
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	24	24,613	-
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша қозғалысы		<u>660,517</u>	<u>(26,556)</u>
Айналым капиталының баптарындағы өзгерістер:			
Сауда және өзге де дебиторлық берешектің өзгеруі		(498,621)	(339,812)
Берілген аванстардың өзгеруі		<u>(53,585)</u>	<u>(82,810)</u>
Өтеуге өзге де салықтардың өзгеруі		<u>3,064</u>	<u>3,090</u>
Өзге де активтердің өзгеруі		(212,982)	-
Босалқылардың өзгеруі		(2,991)	53,311
Сауда және өзге де кредиторлық берешектің өзгеруі		(52,791)	109,617
Төлеуге өзге де салықтардың өзгеруі		89,638	(3,480)
Басқа да міндеттемелердің өзгеруі		<u>(3,085)</u>	<u>(79,188)</u>
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттары		(70,836)	(365,828)
Төленген табыс салығы		<u>(10,993)</u>	-
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		<u>(81,829)</u>	<u>(365,828)</u>
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу	5	(25,873)	(29,621)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2,706)	-
Байланысты тараптарға пайызсыз қаржылай көмек беру	12	<u>(2,268,000)</u>	<u>(25,600)</u>
Байланысты тараптарға пайызсыз қаржылай көмек бойынша төлем алу	12	<u>1,772,200</u>	<u>75,226</u>
Еншілес ұйымдарға инвестицияларды сатып алу		-	(105,141)
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу		(16,470)	-
Бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу		(1,185,000)	(75)
Қауымдастырылған кәсіпорындарына инвестицияларды өткізу		89	-
Алынған дивидендтер		<u>351,341</u>	<u>222,928</u>
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақша қаражаты		<u>(1,374,419)</u>	<u>137,717</u>

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(мың теңге)

	Ескерту- лер	2011 ж.	2010 ж. (қайта есептелген*)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Акция шығару	15	-	4,500,000
Аналық компаниядан пайызсыз қаржылық көмекті өтеу		(100,000)	-
Қаржылық қызметке/қызметтен (пайдаланылған) алынған таза ақша қаражаттары		(100,000)	4,500,000
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРІСІ, нетто		(1,556,248)	4,271,889
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ, жыл басына	14	4,354,325	82,436
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ, жыл аяғына	14	2,798,077	4,354,325

Елеулі ақшалай емес операциялар:


2011 ж. Компания берешекті есепке жатқызуға «832 КИ авто жөндеу зауыты» АҚ-нан тәуелсіз бағалаушының бағалауына сәйкес 119,460 мың теңге сомасында өндірістік үй-жайды қабылдады және осы үй-жайды 119,460 мың теңге сомасында «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС қауымдастырылған компаниясының жарғылық капиталына берген.

4 Ескертуде көрсетілгендей қайта есептелген*

Компания басшылығының аттестациясы


Ә.Қ. Жетенова
Басқарушы директор




Б.А. Мұқышев
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп
департаментінің директоры

2012 ж. 30 шілде
Астана қ.

10-44 беттердегі ескертулер осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(мың теңге)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТТАР

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания» немесе «Қазақстан инжиниринг») Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп индустриясының басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 13 наурыздағы қаулысына сәйкес құрылды. Компания 2003 жылғы 16 сәуірде Астана қ. Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО). 2005 20 мамырында Астана қ. Әділет департаментінде заңдық тұлға ретінде қайта тіркелді (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО).

2011 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияның жалғыз акционері болып табылады. 2009 20 шілдесінен бастап 2010 15 маусымына дейін Компанияның пакет акциясы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің сенімді басқаруында болды. 2010 15 маусымында Компанияның пакет акциясы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

Компания қызметінің негізгі түрлері:

- екіұдай және азаматтық мақсаттағы қорғаныс тауарлары мен жабдықтарды жетілдіру, өндіру, жүзеге асыру және жою бойынша мемлекеттік саясатты орындауға қатысу;
- ішкі талап пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді жетілдіру мен өндіру ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының қарулы күштері мен басқа да әскери құрылымдарға қаруларды, әскери техника мен екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және импортқа жіберу;
- конверсия бағдарламасы мен қорғаныс-өнеркәсібі кешенін жетілдіру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға қатысу; мобилизацияланатын резервтерді қалыптастыру мен сақтау бойынша жоспарлар құру және жүзеге асыру;
- мұнайгаз, теміржол, авиация, ауылшаруашылық, кемеқұрылыс жабдықтарын шығару, азаматтық мақсаттағы тауарларды өндіру.

Занды атауы:	«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы
Занды мекен-жайы:	Қазақстан Республикасы Астана қ. Әуезов көш., 36
Занды тіркеу нөмірі:	13659 – 1901 – АО
Занды мәртебесі:	Акционерлік қоғам

2011 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің саны 64 адамды құрады (2010 ж. 31 желтоқсанында: 62 адам).

Операциялық орта

Қазақстанды қосқанда дамушы елдер нарықтары неғұрлым дамыған нарықтар тәуекелінен оң экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшыраған. Бұдан бұрын болғандай, дамушы экономикасы бар елдердің болжалды немесе нақты қаржылық қиындықтары немесе осы елдерге салынатын инвестициялардың болжалды тәуекелдерінің деңгейін арттыру Қазақстан экономикасында және инвестициялық ахуалында теріс көрініс табуы мүмкін.

Қазақстандағы бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер бұрынғыдай жылдам өзгертулерге ұшыраған. Салықтық, валюталық және кедендік заңнаманы әртүрлі түсіндіру мүмкіндігі, сондай-ақ қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын компаниялар соқтығысатын басқа да құқықтық және және тыңшылық (фискалды) мәселелер бар. Қазақстан дамуының болашақ бағыты көбінесе мемлекеттің экономикалық, салықтық және ақшалай-кредиттік саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты болады.

Әлемдік қаржы жүйесі елеулі проблемаларды бастан кешіруді жалғастыруда. Көптеген елдерде экономикалық өсім қарқыны төмендеді. Сондай-ақ Еуроаймақтың бірнеше мемлекеттері мен осындай елдердің егеменді қарыздары бойынша айтарлықтай тәуекелдерге ие қаржылық институттардың кредит төлеу қабілеттілігіне қатысты екіұштылық өсті. Бұл проблемалар Қазақстан экономикасының өсу қарқынының бәсеңдеуіне немесе құлдырауына, Компания үшін капиталдың қолжетімділігі мен құнына, сондай-ақ жалпы Компания бизнесінде, оның қызметінің нәтижелерінде, қаржылық жағдайында және даму перспективаларында қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты, Қазақстан мұнай мен газдың көп көлемін өндіреді және экспорттайды, Қазақстан экономикасы 2011 және 2010 жж. айтарлықтай теңгерімге түскен мұнай мен газға арналған әлемдік құн өзгерісіне ерекше әсерін тигізді.

2. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Дайындаудың негізгі қағидаттары

Компанияның жеке қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес жасалған. Жеке қаржы есептілігі төменде көрсетілгендей, қайта бағалау құны немесе әділ құны бойынша ескерілетін кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, алғашқы құн қағидатының негізінде дайындалған. Тарихи құны, әдетте активтердің орнына табыс етілген сыйақының әділ құны негізінде айқындалады.

Бұл жеке қаржы есептілігі «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ аналық компаниясының қаржы есептілігі болып табылады. Еншілес ұйымдар аталған жеке қаржы есептілігіне шоғырландырылмаған. Еншілес және қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар өзіндік құны бойынша ескерілген. Бұл жеке қаржы есептілігі Компания басшылығының шығаруына 2012 ж. 30 шілдесінде бекітілген шоғырландырылған қаржы есептілігімен бірге қаралуы тиіс.

ХҚЕС сәйкес дайындалған «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ шоғырландырылған қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін Компанияның ашық пайдалануы үшін ұсынылған. Шоғырландырылған қаржы есептілігі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көш., 10 мекен-жайы бойынша орналасқан аналық компанияның бас офисінде қолжетімді.

Үздіксіз қызметтің қағидасы

Компания үздіксіз қызметтің қағидасын ұстанады деп және болашақта қызметтің маңызды қысқаруы немесе жойылу ниеті немесе қажеттілігі Компанияда болу мүмкіндік көрсеткіштерінің болмайды деген жорамалдан шыға осы жеке қаржылық есептілік дайындалған. Бұл әдеттегі қызметі барысында өтеу мерзімі келген кезде Компания өз қарызын төлейтіндігін ұйғарады.

Функционалды валюта және ұсыну валютасы

Осы жеке қаржы есептілігі Компанияның функционалды валютасы және жеке қаржы есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген.

Жаңа және қайта қаралған стандарттар

Алдағы кезеңде қабылданатын Стандарттар мен Интерпретациялар:

Компания ағымдағы жыл ішінде мынадай жаңа және қайта қаралған Стандарттар мен Интерпретацияларды қабылдаған:

- 1 «Қаржы есептілігін табыс ету» МСБУ
- 24 «Байланысты тараптар туралы ақпараттарды ашу» МСБУ (түзету)
- 14 «Ең төменгі қаржыландыру туралы талаптарға қатысты алдын ала төлем» КИМСФО
- 19 «Үлестік құралдармен қаржылық міндеттемелерді өтеу» КИМСФО
- 32 «Қаржы құралдары: «Акцияға құқықтардың шығарылымдарын жіктеу» ақпаратты табыс ету» (түзету)
- 3 «Кәсіпорындарды біріктіру» ХҚЕС

Одан басқа, Компания қолданыстағы ХҚЕС жалпы жақсартуға бағытталған жыл сайынғы бастама шеңберінде өзге де стандарттарға түзетулерді қабылдады. Бұл түзетулер кейбір формулировкаларға және жеке қаржы есептілігін табыс етуге қатысты мәселелер мен тану және бағалау мәселелеріне жатады. Нақтылау Компанияның есептік саясатының бөліктеріне бірқатар өзгерістерге әкеп соқтырды – олардың кейбірі тек терминологияға өзгерістерді білдіреді, басқалары маңызды, бірақ есептілік сомасына ықпал етпейді.

Жоғарыда аталған стандарттарды қабылдау операция нәтижелеріне немесе қаржы жағдайына әсер етпеген.

Алдағы кезеңде қабылданатын шығарылған Стандарттар мен Интерпретациялар

Осы жекеленген қаржы есептілігін бекіту күніне мынадай Интерпретациялар мен Стандарттар шығарылды, бірақ күшіне енген жоқ:

	<u>Дейінгі және кейінгі кезеңде басталатын есептік кезеңге дейін күшінде</u>
Түзету ХҚЕС 7 «Ақпаратты ашу – қаржылық активтерді беру»	<u>1 шілде 2011 ж.</u>
ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары»	<u>1 қаңтар 2015 ж.</u>
ХҚЕС 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
ХҚЕС 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
ХҚЕС 12 «Басқа кәсіпорындарда қатысу туралы ақпаратты ашу»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
ХҚЕС 13 «Әділетті құнды бағалау»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
МСБУ 1 «Өзге де жиынтық табыстар баптары туралы ақпарат ұсыну» Түзету	<u>1 шілде 2013 ж.</u>
МСБУ 12 «Кейінге қалдырылған салықтар – базалық активтердің орнын толтыру» Түзету	<u>1 қаңтар 2012 ж.</u>
МСБУ 19 (2011 ж. қайта қаралған) «Жұмыскерлерге сыйақылар»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
МСБУ 27 (2011 ж. қайта қаралған) «Жеке қаржылық есептілік»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>
МСБУ 28 (2011ж. қайта қаралған) «Тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға салымдар»	<u>1 қаңтар 2013 ж.</u>

2011 ж. мамырда шоғырландыру, бірлескен қызмет, тәуелді кәсіпорындарға салымдар туралы келісімдерді есепке алу, ақпаратты ашу мәселелері қарастырылатын бес стандарт пакеті шығарылды (ХҚЕС 10, ХҚЕС 11, ХҚЕС 12, МСБУ 27 (2011), и МСБУ 28 (2011)). Жоғарыда көрсетілген бес стандарт 2013 ж. 1 қаңтардан ерте емес басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылуға міндетті. Бес стандарттың барлығын бір мезгілде қолдану шартында мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Компания басшылығы жоғарыда көрсетілген бес стандарт Компанияның 2013 ж. 1 қаңтарда басталатын бір жылға жеке қаржылық есептілігінде қолданылады деп ұйғарады. Бұл стандарттарды қолдану жеке қаржы есептілігінің көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпейді.

Компания басшылығы жоғарыда аталған қалған барлық Стандарттар мен Интерпретациялар оларды алғашқы қолдану кезеңінде жеке қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп болжайды.

Есептік саясаттың негізгі ережелері

Шетелдік валютадағы операциялар

Компанияның жеке қаржы есептілігін дайындаған кезде функционалдықтан өзгеше валютамен (шетел валютасымен) жасалған мәмілелер жасалған күннің бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен берілген ақша баптары жеке қаржы есептілігі дайындалған күнге тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада ескерілген және әділ құнмен бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды белгілеу күніне әрекет жасайтын айырма бағаммен қайта санауға жатады. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша көрініс тапқан ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамының өзгеруіне байланысты пайда болатын ақша баптары бойынша бағамдық айырмашылық пайда болған кезде пайда мен шығындарда көрініс табады, тек келесіні қоспағанда:

- өндірістік мақсатта болашақта қолдану үшін аяқталмаған құрылыс объектілеріне жататын шетелдік валютадағы қарыздар бойынша бағамдық айырмалар осындай активтердің құнына шетелдік валютадағы қарыздар бойынша пайыздық шығындарды түзету ретінде қосылады;
- жеке валюталық тәуекелдерді хэджирлеу мәмілелері бойынша бағамдық айырмалар; және
- Компанияның шетелде қызмет жасайтын бөлімшелермен өзара есептесу баптары бойынша, оларды өтеу жоспарланбаған және екіталай (мұндай баптар Топтың шетелдік қызметке таза инвестициялаудың бөлігі), әдепкі өзге бірлескен табыста көрсетілген бағамдық айырмалар ақша баптарын өтеу кезінде меншікті капиталдан пайда мен шығынға сараланады.

Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Еншілес ұйымдарға инвестициялар бұл жеке қаржы есептілігінде құнсыздану алына отырып өзіндік құн бойынша ескеріледі.

Қауымдастырылған және бірлескен-бақыланатын ұйымдарға инвестициялар

Қауымдастырылған және бірлескен-бақыланатын ұйымдарға инвестициялар бұл жеке қаржы есептілігінде құнсыздану алына отырып өзіндік құн бойынша ескеріледі. Компанияның елеулі ықпалы бар, бірақ Компанияның не еншілес, не бірлескен ұйымдары болып табылмайтын ұйымдар қауымдастырылған болып табылады. Ол бойынша екі немесе одан да көп тараптар бірлескен бақылауға жататын экономикалық қызметті жүзеге асыратын шарттық келісім бірлескен-бақыланатын ұйымдар танылады.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар жиналған амортизациялар мен құнсызданудан болған залалдардың сомасы шегеріле отырып нақты құн бойынша көрсетіледі. Нақты құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар қосылады.

Өндірістік немесе әкімшілік мақсаттарында қолдануға арналған аяқталмаған құрылыс объектілері құнсызданудан болатын кез келген шығындарды қоспағанда, құрылыс құны бойынша есептеледі. Құрылыс құнына кәсіби қызмет көрсету құны, сондай-ақ кәсіптеуші активтерге Компанияның есептік саясатына сәйкес капиталданатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың осындай объектілері құрылыс аяқталу кезіндегі немесе мақсатты игерушілікке дайын кезіндегі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың тиісті бір санатына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу, басқа да жылжымайтын объектілер бойынша, активтердің жоспарланған пайдалануына дайын кезінен басталады.

Пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің ішінде бір келкі тарату құнын шегергенде жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың (жер телімі мен аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда) нақтылы құнын есептен шығару үшін амортизация есептеледі. Пайдалы қолданудың болжалды мерзімі, баланстық құны және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік мерзімнің соңында талданады, бұл ретте бағаның барлық өзгерістері салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмай жеке қаржы есептілігінде көрініс табады.

Активтер тобы	Пайдалы қызметтің орташа мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	8 - 100 жыл
Машиналар мен жабдықтар	3 - 20 жыл
Көлік құралдары	5 - 10 жыл
Басқа да активтер	4 - 20 жыл

Қаржылық жалдау шарты бойынша алынған активтер пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде Компанияның меншігінде болатын активтердің тәртібінде амортизацияланады. Бірақ жалдау мерзімінің соңында жеке меншік құқығы жалға алушыға беріледі деген дәйекті сенушілік болмаған жағдайда актив екі мерзімнің ең қысқасында толық амортизациялануы керек: жалдау мерзімінде және пайдалы қызмет мерзімінде.

Негізгі қаражаттың объектісі сатылған кезде немесе активті ары қарай пайдаланудан болашақта экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Сатудан не негізгі қаражаттың объектілерінің іске аспауынан болған табыс немесе шығын сату бағасы мен осы объектілердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және табыстар мен шығындарда мойындалады.

Материалды емес активтер

Материалды емес активтер жиналған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды қоспағанда бастапқы құны бойынша есептеледі. Амортизация 10-20% ставкасы бойынша осы активтердің пайдалы қызмет көрсетуінің болжамды мерзімінде тура желілік әдіспен есептеледі. Пайдалы қызметтің болжалды мезгілі және өтелім есебінің әдісі, болашақты негізде есепке алынатын бағаның кез келген өзгерісін ескере отыра, әр есептік мерзімнің соңында қайта қаралады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік дегеніміз жалдау ақысын алу үшін пайдаланатын, капиталдың үстелуі немесе сол не өзге жағдайда пайдаланылатын объектілер (соның ішіне салынып жатқан объектілерде кіреді). Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері сатып алуға шығындарды қоса алғанда, бастапқы кезде сатып алу құны бойынша есепке алынады. Бастапқы мойындағаннан кейін Компания, жиналған амортизация мен құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, инвестициялық жылжымайтын мүлікті бастапқы құнымен бағалайды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша тозуды тура желілік әдіспен есептейді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі баланстан немесе пайдаланудан толық шығарылған кезде, егер ендігі олармен байланысты экономикалық пайдалар түспейтін жағдайда, есептен шығарылады. Объектіні есептен шығарғаннан кейін кез келген табыс немесе шығын (шығып қалғаннан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма) мүліктің есептен алыну мерзімінде болған пайда мен шығындарына кіреді.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Компания материалдық және материалдық емес активтердің әрбір есептік күнге баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар-жоғын тексереді. Мұндай белгілер болған жағдайда құнсызданудан болатын залал мөлшерін айқындау мақсатында (егер болған жағдайда) тиісті активтердің өтелетін құны есептеледі. Жеке активтің өтелетін құнын бағалау мүмкін болмаған жағдайда Компания өтелетін құнды осындай актив кіретін тудыратын бірлікпен бағалайды. Компанияның корпоративтік активтерінің құны да жеке тудыратын бірліктерге немесе тудыратын бірліктердің аз тобына бөлінеді, олар үшін ақылға сыйымды және кезекті бөлу әдісі табылуы мүмкін.

Өтелетін құн екі мағынаның ең үлкені ретінде белгіленеді: өткізу мен пайдалану құндылығына байланысты шығындарды шегере отырып активтің әділ құны. Пайдалану құндылығын бағалаған кезде ақша қаражатының күтілетін ағымы осы активке тән тәуекелдер мен уақыт ішіндегі ақша құнының ағымдағы нарық бағасын көрсететін салық салуға дейін дисконттау коэффициентін пайдалана отыра ағымдағы құнға дейін дисконтталады, оларға қатысты алдағы ақша ағымын бағалау түзетілмеді.

Егер активтің (немесе тудырушы бірліктің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе тудырушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Құнсызданудан болған залалдар пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Егер құнсызданудан болған залал кейін қалпына келтірілсе, активтің (немесе тудырушы бірліктің) баланстық құны жаңа баланстық құны егер осы актив (тудырушы бірлік) бойынша алдыңғы жылдарда құнсызданудан болған залал көрсетілмесе, айқындалатын баланстық құннан асып кетпейтіндей етіп оның өтелетін құнын жаңа бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін асып ұлғаяды. Құнсызданудан залалды қалпына келтіру жағдайларды қоспағанда, сол сәтте пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Босалқылар

Босалқылар өткізудің таза құнының және өзіндік құн мәндерінің ең кіші мәні бойынша көрсетіледі. Өткізудің таза құны аяқтау және өткізу бойынша болжамды шығындардың барлығы шегеріле отырып, босалқыларды ықтимал өткізу құнына негізделеді. Босалқылар орташа құн әдісі бойынша есептеледі.

Қаржы құралдарының мойындалуы

Компания қаржы активтері мен міндеттемелерді өзінің қаржы жағдайы туралы жеке есебінде тек құрал бойынша тиісті шарттың қатысушысы болғанда ғана таниды. Қаржы активтері мен міндеттемелер операция жасалған күнге есепке алу қағидасы қолданыла отырып көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелер алғашында алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын білдіретін өзіндік құн бойынша, сәйкес шығындарды алып тастағандағы мәміле жасаумен байланысты шығындарды қоса немесе ала көрініс табады, және кейін әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрінеді.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленімдеріне сілтемемен анықталады. Нарықтық баға белгіленімдері қолжетімді болмаған жағдайда әділ құн нарықтық деректерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша ағындары сияқты баға бойынша жалпыға ортақ әдістерді пайдалана отырып анықталады.

Амортизацияланған құн тиімді пайыздық ставка әдісін қолданыла отырып бағаланады. Тиімді пайыздық ставка – бұл күтілетін болашақ қаржы түсімдерін (пайыздың тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылатын қарыз құралы бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілелерді ресімдеу бойынша шығындар және басқа да сыйлықақылар мен дисконттар) қарыз құралын өтегенге дейінгі күтілетін мерзімге (егер қолдануға болса) немесе қарыз құралын есепке қабылдау сәтіне баланстық құнға дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау ставкасы.

Қаржылық активтер

Қаржылық активтер мынадай санаттарға жіктеледі: пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер («FVTPL»), өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар және «қарыздар мен дебиторлық берешек». Жіктеу қаржы құралдарының сипаты мен мақсатына байланысты болады және бастапқы танылу сәтінде анықталады.

Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері

Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері банк шоттарындағы қаражаттарды, кассадағы қолма-қол ақшаны, жолдағы ақшаны және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Сауда дебиторлық берешек

Сауда дебиторлық берешек күмәнді берешек бойынша резерв шегеріле отырып, бухгалтерлік есепте төлеуге шығарылған шоттардың сомалары бойынша танылады және көрсетіледі. Күмәнді берешек бойынша резервті Компания шарттарда белгіленген мерзімдерде дебиторлық берешек өтелмеген кезде есептейді. Күмәнді берешек бойынша резерв кезең-кезеңмен қайта қарастырылып отырады және егер түзетулерде қажеттілігі туындаса тиісті сомалар осындай қажеттілік анықталған есепті кезеңнің жиынтық табысы туралы жеке есепте көрсетіледі. Үмітсіз берешек бұрын құрылған резерв есебінен оның айқындалуына қарай есептен шығарылады.

Қарыздар және басқа да дебиторлық берешек

Қарыздар және басқа да дебиторлық берешек – бұл белсенді нарықта белгіленбейтін тіркелетін немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтері. Мұндай активтер кез келген құнсыздану шегеріле отырып, тиімді пайыздық ставка әдісі қолданыла отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Қаржы есептілігінде активті тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ құнсыздану және амортизацияны есептеу кезінде туындайтын табыстар мен шығындар жиынтық табыс туралы есепте танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы.

Пайда және залал арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын активтерден басқа қаржы активтері әрбір есепті күнге құнсыздану көрсеткіштер мәніне бағаланады. Қаржы активі бастапқыда танылғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғаның нәтижесінде: болашақта жорамалданатын инвестиция бойынша ақша қаражаттары қозғалысының өзгерісі, эмитенттің немесе борышкердің елеулі қаржы қиындықтары, шарт ережелерінің бұзылуы, қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты кредитордың жеңілдік шарттарын беруі, қарыз алушының банкроттық немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығы, осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жойылуы болғанын объективті дәлелдері болған жағдайда құнсызданады. Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны мен бастапқыда қолданыста болған пайыздық ставка бойынша дисконтталған ақша қаражаттарының алдағы болжамды қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Қаржы активінің баланстық құны барлық қаржы активтері бойынша құнсызданудан түскен шығын көлемінде азаяды, сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, күмәнді қарыз бойынша қорларды қолдану арқылы баланстық құн азайтылады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан түскен шығын сомасы азайтылса және осы азайту құнсыздануды танудан кейін объективті оқиғаға байланысты болса, онда бұрын құнсызданудан танылған шығын сомасы белгілі бір көлемде сол кезеңдегі табыспен немесе шығынмен қайтарылады, инвестицияның баланстық құны құнсызданудың қайтарылу күніне, егер құнсыздану мойындалмаған болса, амортизациялық құннан аспайтын сомаға тең.

Қаржылық міндеттемелер және үлестік аспаптары

Компания шығарған борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарт мәні негізінде қаржылық міндеттемелер немесе капитал, сондай-ақ қаржылық міндеттеме және үлестік құрал анықтамасы ретінде жіктеледі.

Үлестік құрал

Бұл барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейін кәсіпорынның активтері үлесіне құқықты растайтын кез келген шарт. Компания шығарған үлестік құралдар шығаруға тікелей шығындар шегеріле отырып, олар бойынша түсімдер мөлшерінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшасыз салымдарды беру күніндегі жағдай бойынша тәуелсіз бағалаушы әділ құн бойынша бағалайды. Алынған қаражаттардың әділ құнының шығарылған акцияның номиналдық құнынан кез келген асып кетуі қосымша төленген капитал ретінде танылады.

Шығарылмаған қарапайым акциялар үшін алынған қаражаттар мұндай түсімдер жарғылық капиталға көшірілген кезде қарапайым акциялар шығарылған сәтке дейін шығарылмаған жарғылық капитал ретінде танылады.

Компанияның өз үлестік құралдарын сатып алу тікелей капиталдан шегеріледі. Компанияның өз үлестік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде туындайтын табыстар мен шығындар пайда мен залалдарда көрсетілмейді.

Қаржылық міндеттемелер шарттар бойынша міндеттемелер туындаған кезде көрсетілетін шарттық келісімдермен ұсынылған.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, кейіннен тиімді пайыздық ставка әдісін қолдана отырып амортизацияланған құн бойынша қайта бағаланады.

Пайыздық қарыздар мен тартылған қаражаттар

Барлық қарыздар мен тартылған қаражаттар бастапқыда қарыз қаражаттарын тартумен байланысты шығындар ескеріле отырып алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құн бойынша есептеледі.

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық қарыздар мен тартылған қаражаттар тиімді пайыздық ставка әдісі пайдаланыла отырып, амортизацияланған құны бойынша есептеледі.

Капиталдандырылуға жататын қарыздар бойынша шығындарды (мысалы, үшінші тараптардың кепілдіктері бойынша комиссиялар) қоспағанда, табыстар мен шығындар міндеттемелерді тану доғарылған жағдайда, сондай-ақ амортизацияны есепке алған кезде жиынтық табыс туралы жеке есепте көрсетіледі.

Өзара есепке алулар

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы мүмкін және таза сома танылған сомаларды өзара есепке алу жүргізудің заңдық құқығы болғанда және Компанияда не өзара есепке алулар жүргізу немесе активтерді сату және бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда ғана қаржы жағдайы туралы жеке есепте көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активін (немесе тиімді болғанда қаржы активінің бөлігін немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігін) тану мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығы аяқталғанда;
- Компания активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығын сақтайды, бірақ табыстама келісімге сәйкес оларды үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толығымен төлеуге міндеттеме қабылдаса және негізінен осы актив бойынша барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; немесе
- Компания активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын берсе және не (а) негізінен, актив бойынша барлық тәуекелдер мен пайданы берсе немесе (б) актив бойынша ешқандай тәуекелдер мен пайданы бермеген де, ұстап қалмаған да бірақ активке бақылауды берген болса.

Егер Компания активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын берсе және актив бойынша ешқандай тәуекелдер мен пайданы бермесе және ұстамаса, және активке бақылауды бермесе, актив Компания активке қатысуды жалғастырған дәрежеде танылады. Берілген актив бойынша кепілдік нысан қабылдаған қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең төменгісі және Компаниядан өтем ретінде талап етілуі мүмкін ең жоғары өтеу сомасы бойынша бағаланады.

Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемесін (немесе қаржы міндеттемесінің бір бөлігін) тану ол өтелген болса, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған, жойылған немесе оның қолданыс мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

Табысты тану

Табыстар Компанияның белгілі бір экономикалық пайда алу ықтималдығы орын алған мөлшерде танылады және табыстар мейлінше дәл дәрежеде есептеледі немесе бағаланады.

Тауарларды өткізуден түскен табыс тауарды жеткізу және меншік құқығының көшуі фактісі бойынша танылады.

Қызмет көрсету шарттары бойынша табыс аяқталу дәрежесі негізінде танылады.

Дивидендтік мен пайыздық табыстар

Дивидендтік табыстар төлем алуға акционердің құқығы анықталған сәтте танылады (егер Компанияның экономикалық пайда алудың жоғары ықтималдығы болса және табыстардың шамасы дұрыс айқындалуы мүмкін болса).

Қаржы активтері бойынша пайыздық табыстар егер Компанияның экономикалық пайда алудың жоғары ықтималдығы болса және табыстардың шамасы дұрыс айқындалуы мүмкін болса танылады. Қаржы активтері бойынша пайыздық табыстар қаржылық активтің баланстық құнының (пайыздарды есепке алмағанда) қаржылық активті өтегенге дейін күтілетін мерзім ішінде оны таныған сәтте осы активтің баланстық құнына дейін күтілетін алдағы ақшалай түсімдерді дисконттауды қамтамасыз ететіндей етіп есептелетін тиімді пайыздық ставка негізінде есептеледі.

Жалдау

Өзінің талаптары бойынша меншік құқығынан туындайтын барлық елеулі тәуекелдер мен пайда жалдаушыға өтетін жалдау шарттары қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Барлық өзге жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде есептеледі.

Компания жалға беруші ретінде

Қаржылық жалдау шарттары бойынша жалдаушылардан алуға жататын сомалар Компанияның жалдауға таза инвестициялары мөлшерінде дебиторлық берешек құрамында көрсетіледі. Қаржылық жалдау бойынша табыс есепті кезеңдер бойынша Компанияның жалдауға таза инвестициялары бойынша табыстың тұрақты деңгейін қамтамасыз ететіндей болып бөлінеді.

Операциялық жалдаудан түсетін табыс жалдау мерзімі ішінде біркелкі деп алынады. Операциялық жалдау шартының ережелерін келісуге және оның ресімделуіне байланысты бастапқы тікелей шығындар жалға берген активтердің баланстық құнына кіргізіледі және жалдау мерзімі бойы біркелкі шығындарға жатады.

Компания жалға алушы ретінде

Қаржылық жалдау шарттары бойынша жалға алынған активтер бастапқыда екі мөлшердің ең азы бойынша есепке алынады: жалға алу мерзімінің басында жалға алынған мүліктің әділ құны және ең төмен жалдау төлемінің дисконтталған құны. Жалға беруші алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жалдау бойынша міндеттеме ретінде қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрініс табады.

Жалдау төлемінің сомасы міндеттеменің қалдығына пайыздың тұрақты ставкасын алатындай етіп қаржылық шығындар мен жалдау бойынша міндеттемелердің төмендеуі арасында бөлінеді. Қаржылық шығындар, егер олар жіктелетін активтерге тікелей қатысы болмаса пайда мен залалдарда көрініс табады. Соңғы жағдайда олар қарыздар бойынша шығындарға қатысты Компанияның жалпы саясатына сәйкес капиталдандырылады (төменде қараңыз). Болашақ оқиғалармен негізделген жалдау төлемі туындауына қарай шығындарға жатады.

Басқа шығындарды бөлу әдісі жалға алынған активтерден болатын экономикалық пайданы уақытша бөлуге дәлірек сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде біркелкі шығындарға жатады. Болашақ оқиғалармен негізделген операциялық жалдау шарттары бойынша жал төлемі туындауына қарай шығындарға жатқызылады.

Операциялық жалдау шарттарын жасаған кезде алынған ынталандыру төлемдері міндеттеме ретінде танылады. Мұндай көтермелеудің жалпы сомасы Басқа шығындарды бөлу әдісі жалға алынған активтерден болатын экономикалық пайданы уақытша бөлуге дәлірек сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, жалдау бойынша шығындарды біркелкі азайтады.

Қарыздар бойынша шығындар

Жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін айтарлықтай уақытты қажет активтерді сатып алу, оның құрылысы немесе құруға тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болмағанша осындай активтердің құнына енгізіледі.

Алынған қарыз қаражаттарын жіктелетін активтерді сатып алуға жұмсау сәтіне дейін уақытша инвестициялау нәтижесінде алынған табыс қарыз қаражаттарын тартуға шығындардан шегеріледі.

Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар туындауына қарай пайда мен залалдарда көрсетіледі.

Зейнетақы міндеттемелері

Компания зейнетақы қорларына аударымдар ретінде қызметкерлердің жалақысынан 10% көлемінде төлем жасайды, бірақ айына 119,992 теңгеден аспайды (2010 ж.: 112,140 теңгеден аз). Зейнетақы қорларына төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және жиынтық табыс туралы есепте жалақы және аударым бойынша жалпы шығындарға енгізіледі.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтың сомасын білдіреді.

Ағымдағы салық

Ағымдағы салықтың сомасы бір жылдың салық салынатын пайдасының шамасының негізінде айқындалады. Салық салынатын пайда басқа жылдарда салық салуға немесе шегерімге жататын табыстардың немесе шығындардың баптарынан жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді, сондай-ақ салық салу мақсатында салық салуға немесе шегерімге жатпайтын баптарды қоспайды. Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген салық салу ставкалары пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын табысты есептеу кезінде пайдаланылатын тиісті салықтық есептің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмаларға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, салық салынатын барлық уақытша айырмалар ескеріле отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы уақытша айырмаларды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық пайданың болуының жоғары ықтималдығы шартында шегерілетін уақытша айырмалардың барлығы ескеріле отырып көрсетіледі. Егер уақытша айырмалар гудвилмен байланысты болса немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер (бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерден басқа) шеңберінде басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындаса, салықтық активтер мен міндеттемелер жеке қаржы есептілігінде көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңына қаралады және егер алдағы уақытта салық салынатын пайданың осы активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті болу ықтималдығы одан әрі жоғары болып табылмаса, азайтылады.

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және болжалғандай салық активін өткізу немесе міндеттеменің өтелу мерзімінде қолданыста болатын салық салу ставкасын (сондай-ақ салық заңнамасының ережесін) пайдалана отыра есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау Компанияның (есепті күндегі жағдай бойынша) активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе төлеу тәсілдеріне қатысты ниетінің салық салдарын көрсетеді.

Ағымдағы және бір жылға кейінге қалдырылған салық

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар табыстар мен шығындарда мойындалады, тек басқа да жиынтық табыс немесе өз капиталының құрамына тура қатысты жағдайларды есепке алмағанда, табыс пен шығын туралы есепте шығындар немесе үнемдеу ретінде көрсетіледі. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа да жиынтық табыста немесе тиісінше капиталға тура мойындалады. Егер бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар пайда болса, салық әсері осы мәмілелерді есепке алу кезінде көрініс табады.

Алдағы шығындардың резервтерін қалыптастыру

Алдағы шығындардың резервтері егер Компанияда өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған міндеттемелер (зандық немесе іскерлік айналым нормасымен негізделген) болса және бұл міндеттемелерді Компанияның өтеуге тиіс болатыны жоғары ықтималдығы болса және мұндай міндеттемелер мөлшері бағаланатын болса, есепте көрсетіледі. Есепте көрініс тапқан алдағы шығындар резервінің көлемі осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескеріп, міндеттерді өтеуге қажетті, есепті күнге белгіленген соманың ең жағымды бағасын білдіреді. Егер алдағы шығындардың резерв көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағымының негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві осындай ақша ағымының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт ішінде ақша құнының әсері маңызды болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлем ішінара немесе толық үшінші тараптың өтейтіні күтілсе, өтелім алынатын және осы дебиторлық берешектің сомасын сенімділікпен бағалау үшін мүмкіндік болатынына толық сенімділік болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

Байланысты тараптармен операциялар

Осы жеке қаржылық есепті дайындаған кезде байланыс тараптары ретінде мынадай тараптар қарастырылды:

Тарап байланысты компания болады, егер:

- (а) тарап, бір не бірнеше делдал арқылы тура немесе жанама:
 - i) бақылайды немесе компанияның жалпы бақылауында болады (оларға холдинг компаниялары, еншілес компаниялары мен бір бас фирманың басқа да еншілес компаниялары жатады);
 - ii) компанияда үлестік қатысы бар, ол оған компанияға маңызды әсер етуге мүмкіндік береді; немесе
 - iii) компанияның үстінен бірлескен бақылау жасайды;
- (б) тарап компанияның қауымдастырылған тарабы болып табылады;
- (в) тарап компания қатысушы болатын бірлескен кәсіпорын;
- (г) тарап компанияның негізгі басқарушылық қызметкерлердің немесе оның бас компаниясының мүшесі болып табылады;

- (д) тарап (а) немесе (г) тармақтарында көрсетілген кез келген тұлғаның отбасылық мүшесі болаып табылады;
- (е) тарап бақылаудағы, бірлесіп бақылаудағы немесе елеулі әсерде болатын компания немесе осындай компанияда маңызды, тура не жанама, (д) не (е) тармақтарында көрсетілген кез келген тұлғаның дауыс беру құқығы бар; немесе
- (ж) тарап компания қызметкерлері үшін немесе компанияның байланысты тарапы болатын кез келген компанияның зейнетақы схемасы болып табылады.

Әрбір болуы мүмкін байланысты тарапты қарастырған кезде, тек олардың заң нысанына ғана емес, ерекше назар қатынас мағынасына аударылады.

3. МАҢЫЗДЫ ЖОЛ БЕРУШІЛІК ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ ЕКІҮШТЫЛЫҚТЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

ХҚЕС-ке сәйкес жеке қаржы есептілігін дайындау активтер мен міндеттемелердің есептелген сомасына әсер ететін және жеке қаржы есептілігіне қол қойған күніне әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашу және есепті мерзім ішінде табыс пен шығыстың есептелген сомасы, Компания басшылығымен пікір дайындау мен субъективті бағаларды және жол берушілікті пайдалануды көздейді. Бұл бағалар тарихи білімге және елеулі факторларға негізделетініне қарамастан, оқиғалар немесе іс-әрекеттер нақты нәтижелері бағаланатын ерекшеленетіндей түрде қалыптастырылуы мүмкін.

Келесі қаржы жылында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын материалды түзетуде елеулі тәуекелдер болатын есепті күнге екіұштылықты бағалаудың болашақтағы және басқа да негізгі деректері бойынша негізгі жол берушілік төменде қарастырылады:

Негізгі қаражаттың пайдалы қызметінің мерзімі

2-ескертуде көрсетілгендей, Компания жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін әр жылдық есептік мезгілдің соңында қарастырады. Активтің пайдалы қолдану мерзімін бағалау мынадай факторларға байланысты: экономикалық пайдалану, жөндеу мен қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсарту мен басқа да іскерлік жағдайлар. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін басшылықпен бағалауы осы жеке қаржы есептілігі күніне болатын тиісті ақпаратты көрсетеді.

Кепілдік міндеттеме

Берілген кепілдіктерге қатысты резерв тиісті тауарлар мен қызметтерді сату кезінде мойындалады. Мұндай резервтің шамасы өткен мерзімде жиналған тарихи деректерге сүйене отыра, әр қайсысының болу мүмкіндігі коэффициенттері бойынша барлық болатын шығындарды өлшей отыра есептеледі.

Активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есептік күнге материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар-жоғын тексереді.

Актив индикаторларының болуын анықтау келесі көптеген факторлардың санымен негізделеді: күтілетін өсім, болжалды ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қол жетімділігін өзгерту; технологиялық ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, ауыстыруға байланысты ағымдағы шығындар және құнсызданудың болуына көрсететін жағдайлардың басқа да өзгеруі.

Егер мұндай индикаторлар болған жағдайда, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырады. Егер, баланстық құны активтердің өтелетін құнынан асып түссе, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн екі мағынаның ең үлкені ретінде белгіленеді: өткізуге байланысты шығындарды қоспағанда активтердің әділ құны және пайдалану құны. Пайдалану құнын бағалаған кезде ақша қаражатының есептелген болашақ ағыны, салық салғанға дейінгі дисконттың мөлшерлемесін пайдалана отыра, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады және басшылардың ойынша, активтерге қатысты тәуекелдер мен ақшаның уақытша құны ағымдағы нарық бағасын көрсетеді. Бағаланатын өтелім құнындағы өзгерістер құнсыздыққа немесе болашақ кезеңде оның қайта қалпына келуіне әкелу мүмкін.

Босалқыларды бағалау

Босалқылар екі мөлшердің ең азымен өлшенеді: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша. Компания өтімсіз және аз қолданылатын Босалқылардың құнын өткізудің таза құнына дейін азайта отыра тиісті резервті көрсетеді. Осындай Босалқылардан шығып қалудан болған өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан өзгеше болуы мүмкін; осындай кез келген айырма болашақтағы операциялық нәтижелерге маңызды әсер етуі мүмкін.

Салық салу

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым түсінікті болмайды. Жергілікті, аймақты және республикалық салық органдарының арасында көзқарастың біркелкі болмауы мүмкін.

Бұл ретте, салық органдары қосымша салықты есептеген кезде, бар айыппұл мен өсімпұлдың көлемі айтарлықтай мөлшерде белгіленген; айппұл мөлшері қайта салынған салық сомасынан 50% құрайды және өсімпұлдың мөлшері уақытында төленбеген салық сомасынан 22.5% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қайта саналған салықтың сомасынан артады.

Жоғарыда көрсетілген екіұштылыққа байланысты салықтардың, айыппұл санкциясының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы, егер ондайлар қайта саналса, қазіргі кезеңдегі шығындарға жатқызылған және 2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомасынан асып кетуі әбден мүмкін. Бағалар мен нақты төленген сомалар арасындағы айырым, егер ондайлар пайда болса, алдағы мерзімдегі Компанияның пайдасына маңызды әсер етуі мүмкін.

4. САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖІКТЕУДІҢ ӨЗГЕРУІ

Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

2011 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға Компанияның жеке қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық 8 «Есептік саясат, есептік бағалаулардағы өзгерістер және қателеріктер» ХҚЕС сәйкес өткен жылдардың қателіктерін түзету үшін алдыңғы жылдардағы кейбір салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді жүргізді.

2007-2010 жж. ішінде Компания еншілес кәсіпорындарға пайызсыз қаржылық көмек көрсетті. Компания аталған қаржылық көмекті атаулы құн бойынша көрсеткен, бұл 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» ХҚЕС-на сәйкес келмейді. 2011 ж. Компания бұл көмекті амортизацияланған құн бойынша бағалап, қайта есептеу жүргізді және 2010 31 желтоқсандағы және 2010 1 қаңтарындағы жағдай бойынша осы көмектің әділ құнына дейін еншілес кәсіпорындарға инвестициялар құрамында түзетуді таныды. Тиісінше, 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания қаржылық шығысты дисконтты амортизациялау сомасына мойындады.

2008 ж. Компания акционерден пайызсыз қаржы көмегін алады және оны номиналды бағамен көрсетеді, ол 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» ХҚЕС сәйкес келмейді. 2011 ж. Компания бұл көмекті амортизацияланған құн бойынша бағалап, қайта есептеу жүргізді және қарыздардың әділ құнына дейінгі түзетуді 2010 ж. 1 қаңтарындағы және 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капитал қозғалысы туралы есеп құрамында қосымша төленген капитал ретінде мойындады. Тиісінше, 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания қаржылық шығысты дисконтты амортизациялау сомасына мойындады.

Тиісінше, Компания жоғарыда көрсетілген түзетулерді ескере отырып, 2010 ж. 1 қаңтарындағы және 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық пен 2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша шығысты қайта есептеді.

Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеудің ықпалы былайша ұсынылған:

2010 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп	Сома (түзетулерге дейін және жіктеу өзгергеннен кейін)	Түзетулер	Сома (түзетулерден кейін)
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	440,882	(231,274)	209,608
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	1,556,871	20,060	1,576,931
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	40,575	22,268	62,843
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Берілген қарыздар	305,088	(7,388)	297,700
КАПИТАЛ:			
Қосымша төленген капитал	-	94,223	94,223
Жабылмаған залал	(4,181,393)	(238,337)	(4,419,730)
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздар	150,045	(41,098)	108,947
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздардың ағымдағы бөлігі	100,000	(11,122)	88,878
2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық табыс туралы есеп			
Қаржылық табыстар	9,183	5,298	14,481
Қаржылық шығындар	-	(29,219)	(29,219)
Табыс салығы бойынша шығындар есепке алынғанға дейін залал	(118,038)	(23,921)	(141,959)
Табыс салығы бойынша үнем	11,180	36,019	47,199
Жыл ішіндегі таза залал және жиынтық залал	(106,858)	12,098	(94,760)

	Сума (түзетулерге дейін және жіктеу өзгергеннен кейін)	Түзетулер	Сума (түзетулерден кейін)
2010 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп			
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	1,394,771	20,060	1,414,831
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	440,882	(231,274)	209,608
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	29,395	(13,751)	15,644
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Берілген қарыздар	354,715	(12,686)	342,029
КАПИТАЛ:			
Қосымша төленген капитал	-	94,223	94,223
Жабылмаған залал	(4,068,891)	(250,435)	(4,319,326)
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздар	250,045	(81,439)	168,606

Салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу

2011 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компанияның жеке қаржы есептілігін дайындау барысында басшылық салыстырмалы ақпаратты жіктеуді ағымдағы жыл үшін жеке қаржы есептілігіндегі жіктеуге сәйкес келтіру үшін алдыңғы жыл үшін салыстырмалы ақпаратты жіктеуге кейбір өзгерістер жүргізді.

Жіктеуге өзгерістердің ықпалы былайша ұсынылған:

2010 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп	Сума (жіктеу өзгергенге дейін)	Жіктеудің өзгеруі	Сума (жіктеу өзгергеннен кейін)
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар (бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар)	2,089,506	(532,635)	1,556,871
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	-	440,882	440,882
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	-	87,336	87,336
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12,829	2,938	15,767
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	126	443,052	443,178
Берілген қарыздар	-	305,088	305,088
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	319,187	319,187
Өтеуге өзге де салықтар	10,071	26	10,097
Өзге де ағымдағы активтер	1,157,249	(1,065,849)	91,400
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздар	-	150,045	150,045
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздардың ағымдағы бөлігі	-	100,000	100,000
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	80,247	53,171	133,418
Төлеунуге тиіс өзге салықтар	7,207	4,461	11,668
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	310,839	(307,652)	3,187

2010 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық табыс туралы есеп	Сома (жіктеу өзгергенге дейін)	Жіктеудің өзгеруі	Сома (жіктеу өзгергеннен кейін)
Жалпы және әкімшілік шығындар	467,616	68	467,684
Резервтер бойынша шығындар	-	53,303	53,303
Өзге табыстар	19,193	53,367	72,560
Бағамдық айырмадан түскен табыс	-	4	4
2010 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп	Сома (жіктеу өзгергенге дейін)	Жіктеудің өзгеруі	Сома (жіктеу өзгергеннен кейін)
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар (бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар)	1,840,145	(445,374)	1,394,771
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	-	440,882	440,882
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	-	75	75
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	284,877	(280,460)	4,417
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	2,506	411,419	413,925
Берілген қарыздар	-	354,715	354,715
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	445,997	445,997
Өзге де ағымдағы активтер	935,844	(927,254)	8,590
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктен тыс қарыздар	-	250,045	250,045
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	552,628	(250,045)	302,583

5. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	Жер	Ғимарат және құрылыс	Көліктер, жабдықтар және машиналар	Басқа активтер	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Құны:						
2010 ж. 1 қаңтарына	1,742	320,863	117,772	31,594	8,033	480,004
Түсімдер желтоқсанына 2010	-	18,864	5,240	5,517	-	29,621
31 желтоқсанына	1,742	339,727	123,012	37,111	8,033	509,625
Түсімдер	-	-	6,726	19,147	-	25,873
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару (б-ескерту)	-	(119,463)	-	-	-	(119,463)
Ішкі орын алмастыру	-	-	(740)	740	-	-
Шығару	-	-	(8,686)	(3,110)	-	(11,796)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	1,742	220,264	120,312	53,888	8,033	404,239
Жинақталған тозу және құнсыздану:						
2010 ж. 1 қаңтарына	-	(81,608)	(23,229)	(15,932)	-	(120,769)
Бір жыл ішінде есептелді 2010	-	(21,209)	(4,922)	(2,107)	-	(28,238)
31 желтоқсанына	-	(102,817)	(28,151)	(18,039)	-	(149,007)
Бір жыл ішінде есептелді	-	(8,261)	(8,533)	(8,442)	-	(25,236)
Шығару	-	-	3,894	3,110	-	7,004
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару (б-ескерту)	-	55,949	-	-	-	55,949
Ішкі орын алмастыру 2010	-	9,723	(9,763)	40	-	-
31 желтоқсанына	-	(45,406)	(42,553)	(23,331)	-	(111,290)
Баланстық құны:						
2011						
31 желтоқсанына	1,742	174,858	77,759	30,557	8,033	292,949
2010						
31 желтоқсанына	1,742	236,910	94,861	19,072	8,033	360,618
2010 ж. 1 қаңтарына	1,742	239,255	94,543	15,662	8,033	359,235

2011 ж. 31 желтоқсанындағы және 2010 ж. жағдай бойынша толық тозған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құны тиісінше 3,069 мың теңгені және 4,295 мың теңгені 1,526,254 мың теңгені құрады.

2011 ж. 31 желтоқсанындағы және 2010 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда белсенді пайдаланудан шығып қалған және тоқтатылған, таза баланстық құны 237,168 мың теңге және тиісінше 250,816 мың теңгеден тұратын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар бар. Компания басшылығы бұл жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар құнсыздандырылған емес деп санайды, өйткені бұл жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың болуы Компанияға негізгі қызметті жүзеге асыруға қажетті лицензия алуға мүмкіндік береді.

6. ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

	Ғимарат және құрылыс	Барлығы
Тарихи құны:		
2010 ж. 31 желтоқсанына	-	-
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардан аудару (5-ескерту)	119,463	119,463
2011 ж. 31 желтоқсанына	119,463	119,463
Жиналған тозу және құнсыздану:		
2010 ж. 31 желтоқсанына	-	-
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардан аудару (5-ескерту)	(55,949)	(55,949)
Кезең үшін есептелді	(8,761)	(8,761)
2011 ж. 31 желтоқсанына	(64,710)	(64,710)
Баланстық құны:		
2011 ж. 31 желтоқсанына	54,753	54,753

7. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЈАЛАР

	2011 ж. 31 желтоқсаны	2010 ж. 31 желтоқсаны (қайта есептелді)	2010 ж. 1 қаңтары (қайта есептелді)
«811 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	60,530	58,402	58,402
«832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	156,543	151,095	94,136
«Киров атындағы зауыт» АҚ	192,109	192,109	192,109
«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	16,681	13,700	13,700
«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	79,484	49,479	49,479
«Мұнаймаш» АҚ	51,677	51,677	51,677
«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ	64,322	63,896	63,896
«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	146,385	144,700	144,700
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	493,513	469,839	469,839
«Семей инжиниринг» АҚ	290,579	274,650	274,650
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	214,710	214,710	214,710
«Күзет» ЖШС	5,245	5,245	5,245
«Тыныс» АҚ	219,647	219,647	219,647
«Зенит Орал зауыты» АҚ	43,864	43,864	43,864
«ҚазИнж Электроникс» АҚ	306,765	305,275	305,275
«Қару-жаракты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС	111,725	105,141	-
	2,453,779	2,363,429	2,201,329
Құнсыздануға резервті шегергенде	(791,743)	(786,498)	(786,498)
	1,662,036	1,576,931	1,414,831

2011 жыл ішінде Компания инвестициялар құрамында 20,482 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық алына отырып 102,403 мың теңге мөлшерінде еншілес кәсіпорындарға пайызсыз қаржылық көмек берді және әділ құнға дейін түзетуді мойындады.

2011 ж. ішінде Компания 8,429 мың теңге сомасында ақшасыз активтермен «832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ және «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС жарғылық капиталын толықтырды.

2010 ж. ішінде Компания 162,100 мың теңге сомасында ақшасыз активтермен «832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ және «Қару-жарақты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС жарғылық капиталын толықтырды.

Төменде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызмет түрлері, болу орны және Компанияға тиесілі үлестері көрсетіле отырып, Компанияның еншілес ұйымдарының тізімі келтіріледі:

Еншілес кәсіпорын	Қызметінің сипаты	Елі келу орны	Қатысу пайызы		
			2011 ж. 31 желтоқсаны	2010 ж. 31 желтоқсаны	2010 ж. қаңтары
«811 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	Автомобиль техникасын, бронетехниканы, қарулы күш тораптары мен агрегаттарын жөндеу жұмыстарын жүргізу; жабдықтарды жаңғырту	Қазақстан	100%	100%	100%
«832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	Автомобиль техникасын жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қазақстан	100%	100%	100%
«Киров атындағы зауыт» АҚ	Навигациялық жүйелер, радиостанция, т/ж кешені үшін басқару пульттері; мұнай-газ кешені үшін басқару блоктары мен автоматтандырылған құрылғылар	Қазақстан	84%	84%	84%
«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	Топ кәсіпорындарының шығарылатын өнімін өткізу, инвестициялар тарту, Мемлекеттік бағдарламаларға және жабдық жеткізуге тендерлерге қатысу	Қазақстан	100%	100%	100%
«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	Теңіз суасты қару-жарағы және теңіз кемелері үшін жағармай гидравликасы мен автоматикасы бұйымдары; өндіруші өнеркәсіптер үшін пневмоперфораторлар; т/ж кешеніне бөлшектер	Қазақстан	98%	98%	98%
«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай-газ секторы үшін ұңғыма штангілі насостар, ТНП	Қазақстан	52%	52%	52%
«Гидроаспап ФЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сондай-ақ теңіз, өзен катерлері, корабльдері, кемелері және басқа да жүзу құралдары мен суасты аппараттары, жер үсіт және әуе роботтары мен катерлері, құбыр жолдарын, бұрғылау мұнараларын, суасты объектілерін суасты зерттеуге және жөндеуге арналған жабдықтар шығару	Қазақстан	93%	93%	93%
«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	«Таза су» су тазартуға арналған құрылғылар; теміржолға арналған детальдар мен тораптар; сандық АТС және құрамдас бөліктер, телефон аппараттары; ТНП	Қазақстан	99%	99%	99%
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Мұнай өнеркәсібіне арналған арнайы техника, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, т/ж жолдарын жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған құралдар, жылжымалы құрамның детальдары; арнайы өнімдерді өндіру және өткізу, заманға сай әскери техника өндіру және жаңғырту	Қазақстан	100%	100%	100%
«Семей инжиниринг» АҚ	Бронетанкілі қару-жарақты және әскери техниканы жөндеу; двигательдер, тасымалдау тасымалдау машиналары	Қазақстан	100%	100%	100%
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	Шынжыр табанды транспортерлар-тягачтар, жүк вагондарына арналған люктердің қақпақтары, инженерлік техниканы жөндеу	Қазақстан	99%	99%	99%
«Күзет» ЖШС	Күзет қызметтері	Қазақстан	100%	100%	100%
«Тыныс» АҚ	Медтехника, газонапорная арматура, авиа бұйымдары, ПЕТ құбырлары, өрт сөндіру құралдары	Қазақстан	99%	99%	99%
«Зенит Орал зауыты» АҚ	ҚР ӘМҚК үшін катерлер мен корабльдер; болат конструкцияларын жобалау және шығару, мұнай-газ кешені үшін бөлшектер	Қазақстан	95%	95%	95%
«ҚазИнж Электроникс» АҚ	Радиоэлектроника саласында ғылыми зерттеу және жұмыстар, автоматтандырылған басқару жүйелерін құру, бағдарламалар мен технологияларды әзірлеу және енгізу	Қазақстан	100%	100%	100%
«Қару-жарақтарды басқару жүйесін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС	Қару-жарақты автоматтандырылған басқару жүйелерін қолдана отырып, ОПК кәсіпорындары үшін арнайы өнімдердің жана түрлерін әзірлеу және игеру	Қазақстан	100%	100%	100%

Бұл жеке қаржылық есептілік еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтымайды. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар осы жеке есептілікте құнсыздануды есепке алмағанда өзіндік құны бойынша есептеледі.

8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастырылған кәсіпорынның атауы	Негізгі қызметі	2011 ж. 31 желтоқсаны		2011 ж. 31 желтоқсаны (қайта есептелді)		2010 ж. 1 қаңтары (қайта есептелді)	
		Құны	Иелік ету үлесі, %	Құны	Иелік ету үлесі, %	Құны	Иелік ету үлесі, %
«ЗИКСТО» АҚ	Жүк таситын темір жол вагондарын жөндеу, элементтерін ауыстырып дөңгелек жұбын жөндеу	20,455	42%	20,455	42%	20,455	42%
«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС	Инвестициялық холдингтік қызмет және қорғаныс, инжиниринг қызметтерін көрсету	42,864	49%	42,864	49%	42,864	49%
«КАМАЗ-Семей» ЖШС	Коммерциялық қызмет	1,000	49%	1,000	49%	1,000	49%
«КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ	Автобустар, автомобильдер, арнайы техника және оларға бөлшектер өндіру және өткізу	207,000	25%	195,530	24%	195,530	24%
«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Радиолокациялық станцияларды, радиоэлектронды күрес және радиоэлектронды барлау жүйелерін өндіру	124,460	49%	-	-	-	-
«Компания Авиаснаб» ЖШС	Коммерциялық қызмет	-	-	40	49%	40	49%
«Союзинвеставто-Қазақстан» ЖШС	Коммерциялық қызмет	-	-	49	49%	49	49%
		395,779		259,938		259,938	
Құнсыздануға резервті шегерген кезде		(94,194)		(50,330)		(50,330)	
		<u>301,585</u>		<u>209,608</u>		<u>209,608</u>	

2011 ж. 3 маусымдағы құрылтай шартына сәйкес Компания (49 %) және «Indra Sistemas SA» (51 %) «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС құрды.

2011 ішінде Компания 11,470 мың теңге сомасында «КАМАЗ- Инжиниринг» АҚ акциясының 1% сатып алды. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар осы жеке есептілікте құнсыздану есепке алмағанда өзіндік құны бойынша есептеледі.

9. БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлескен кәсіпорынның атауы	Негізгі қызметі	2011 ж. 31 желтоқсаны	2010 ж. 31 желтоқсаны	2010 ж. 1 қаңтары
«Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Электронды жабдықтарды, жүйелерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, дайындау және сату және соларға байланысты қызмет көрсету; радио және коммуникациялық жабдықтар шығару, сату және техникалық қызмет көрсету	87,336	87,336	75
«Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС	Электрондық-оптикалық аспаптар өндіру	45,436	-	-
«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Тікұшақтар өндірісі және оларға техникалық қызмет көрсету	1,150,214	-	-
		<u>1,282,986</u>	<u>87,336</u>	<u>75</u>

2011 ж. 18 сәуірдегі құрылтай шартына сәйкес Компания «ASELSAN Электроник Санайи ве Тиджарет А.Ш.» (49%) және Түркия Республикасының Ұлттық қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетімен (1%) бірлесіп «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорын құрды.

2011 ж. 16 ақпандағы құрылтай құжатына сәйкес Компания «Еurocopter» Компаниясымен (50%) бірлесіп «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС-ін құрды.

2011 жыл ішінде Компания инвестициялар құрамында 2,661 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық алына отырып 13,311 мың теңге мөлшерінде бірлескен кәсіпорындарға пайызсыз қаржылық көмек берді және әділ құнға дейін түзетуді мойындады.

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар осы жеке есептілікте құнсыздануды есепке алмағанда өзіндік құны бойынша есептеледі.

10. БОСАЛҚЫЛАР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 1 қаңтар
Тауарлар	225,123	225,123	279,919
Шикізат пен материалдар	7,818	4,827	3,342
	<u>232,941</u>	<u>229,950</u>	<u>283,261</u>

11. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналды)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналды)
Еншілес кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі	529,214	371,647	410,412
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі	61,093	68,692	-
Өзге де дебиторлық берешек	6,248	3,659	4,333
	<u>596,555</u>	<u>443,998</u>	<u>414,745</u>
Күмәнді берешек бойынша резерв	<u>(176,926)</u>	<u>(820)</u>	<u>(820)</u>
	<u>419,629</u>	<u>443,178</u>	<u>413,925</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдарға резервтегі қозғалыс былайша ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж. (қайта есептелді)
Жыл басына	(820)	(820)
Жыл ішінде есептелді	(176,982)	-
Бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарылды	876	-
Жыл соңына	<u>(176,926)</u>	<u>(820)</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешегі күмәнді берешек бойынша резервті қоспағанда, теңгеде көрсетілген.

12. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
<i>Қысқа мерзімді қарыздар</i>			
«832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	-	13,200	30,550
«Қару-жарақтарды басқару жүйесін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС	63,000	-	-
Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС	50,000	-	-
«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	401,400	5,400	10,000
«Омега» АҚ	18,943	18,943	34,120
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	267,545	267,545	269,545
«Гидро аспап» ҒЗИ» АҚ	-	-	8,500
«Семей инжиниринг» АҚ	-	-	2,000
	<u>800,888</u>	<u>305,088</u>	<u>354,715</u>
Алу: Әділ құнға дейін түзету	<u>(39,948)</u>	<u>(7,388)</u>	<u>(12,686)</u>
	<u>760,940</u>	<u>297,700</u>	<u>342,029</u>
Күмәнді берешек бойынша резерв	<u>(267,545)</u>	<u>-</u>	<u>-</u>
	<u>493,395</u>	<u>297,700</u>	<u>342,029</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдарға резервтегі қозғалыс былайша ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж.
Жыл басына	-	-
Жыл ішінде есептелді	<u>(267,545)</u>	<u>-</u>
Жыл соңына	<u><u>(267,545)</u></u>	<u><u>-</u></u>

2011 ж. ішінде Компания 2,268,000 мың теңге сомасында еншілес және бірлескен кәсіпорындарға пайызсыз қаржылық көмек берді (2010 ж.: 25,600 мың теңге, 2009 ж.: 34,500 мың теңге). 2011 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 1,772,200 мың теңге сомасында пайызсыз қаржылық көмек қайтарылды (2010 ж. 31 желтоқсанында: 75,226 мың теңге,

2010 ж. 1 қаңтарында: 20,300 мың теңге). Компания еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (7 ескерту) және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (9 ескерту) құрамында осы қаржылық көмектің әділ құнын есептеді және 28,158 мың теңге (2010 ж.: 5,015 мың теңге) сомасындағы кейінге қалдырылған салық алына отырып, 140,790 мың теңге (2010 ж.: 25,075 мың теңге) мөлшерінде әділ құнға дейін түзетуді мойындады. Қаржылық көмектің әділ құнын есептеу мақсатында Компания 12%-16% мөлшерінде тиімді пайыздық мөлшелерме қолданған. 2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдарға 83,155 мың теңге және 5,297 мың теңге сомасында әділ құнға дейін түзету амортизациясы бойынша табыстар есепті кезеңнің қаржы табысына жатқызылған (25-ескерту).

13. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
Берілген қысқа мерзімді аванстар	140,988	89,616	6,930
Шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге берілген кепілдіктер	212,982	-	-
Алдағы кезеңдердің шығындары	<u>3,997</u>	<u>1,784</u>	<u>1,660</u>
	<u><u>357,967</u></u>	<u><u>91,400</u></u>	<u><u>8,590</u></u>

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге берілген кепілдіктер теңгеде көрсетілген.

14. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 1 қаңтар
Қысқа мерзімді депозиттер	-	30,000	-
Банктік шоттардағы ақшалар, теңгеде	2,797,691	4,324,308	82,436
Кассадағы ақша, теңгеде	<u>386</u>	<u>17</u>	<u>-</u>
Барлығы	<u><u>2,798,077</u></u>	<u><u>4,354,325</u></u>	<u><u>82,436</u></u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары теңгеде көрсетілген.

15. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жарғылық капиталы әрқайсысының номиналды құны 1,000 теңге болатын 12,101,802 акция көлемінде қарапайым акциялардан тұрады (2010 ж. 1 қаңтарында: номиналды құны 1,000 теңге болатын 7,381,594 акция).

2010 ж. ішінде Компанияның жарғылық капиталы 4,500,000 мың теңге сомасында ақша қаражаттарымен және 220,208 мың теңге сомасында активтермен құрылған.

2011 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның 100% акциясын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ иеленді (2010 ж. 31 желтоқсан: 60.99% - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, 39.01% - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ).

2011 ж. Компания 2007-2008 жж. үшін Компания акционеріне дивиденттер төлеу туралы хабарлады: 2012 ж. ішінде 50 млн. теңге, 2013 ж. 66 млн. теңге.

16. ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 94,223 мың теңге сомасында қосымша төленген капитал Компания акционері берген пайызсыз қарыздың әділ құнының түзету сомасында айырманы білдіреді (17 ескерту).

17. БАНКТЕН ТЫС ҚАРЫЗДАР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	150,045	250,045	250,045
Әділ құнына дейін түзету шегерілгенде	<u>(22,218)</u>	<u>(52,220)</u>	<u>(81,439)</u>
	<u>127,827</u>	<u>197,825</u>	<u>168,606</u>
оның ішінде:			
Ағымдағы бөлігі	127,827	88,878	-
Ұзақ мерзімді бөлігі	-	108,947	168,606

2008 ж. ішінде Компания 250,045 мың теңге сомасында бизнесті дамыту үшін аналық компаниядан пайызсыз қарыз алды. Компания 16,1 % тиімді пайыздық ставкасын қолдана отырып, берілген қарыздардың әділ құнын есептеді және капиталдың өзгеруі туралы жеке есепте қосымша төленген капитал ретінде 23,556 мың теңге сомасында салықтық әсерді ала отырып, 117,779 мың теңге сомасында әділ құнға дейін түзетуді мойындады. 2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде тиісінше 30,002 мың теңге , 29,219 мың теңге сомасында дисконт амортизациясы пайыздық шығындар ретінде танылды (26- ескерту).

18. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
Еншілес кәсіпорындарға кредиторлық берешек	32,518	86,541	22,389
Байланысты тараптарға кредиторлық берешек	43,465	-	-
Өзге де кредиторлық берешек	4,644	46,877	1,412
	<u>80,627</u>	<u>133,418</u>	<u>23,801</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және өзге де кредиторлық берешек теңгеде көрсетілген.

19. ТӨЛЕНУГЕ ТИІС ӨЗГЕ САЛЫҚТАР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
Төлеунуге тиесілі ҚҚС	77,890	-	-
Әлеуметтік салық	11,208	3,274	7,017
Жеке тұлғалардан табыс салығы	10,856	3,911	8,131
Өзге де салықтар	1,352	4,483	-
	<u>101,306</u>	<u>11,668</u>	<u>15,148</u>

20. ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2011 ж. 31 желтоқсан	2010 ж. 31 желтоқсан (қайта саналған)	2010 ж. 1 қаңтар (қайта саналған)
Төлеуге дивидендтер	116,000	-	-
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша резерв	69,000	-	-
Пайдаланылмаған демалыстарға резерв	24,613	-	-
Еңбекақы төлеу үшін персоналмен есеп айырысулар	-	637	551
Өзге де кредиторлық берешек	102	2,550	302,032
	<u>209,715</u>	<u>3,187</u>	<u>302,583</u>
Оның ішінде төлеуге дивидендтердің ұзақ мерзімді бөлігі	(66,000)	-	-
	<u>143,715</u>	<u>3,187</u>	<u>302,583</u>

2011 жж. 31 желтоқсанындағы, 2010 ж. және 2010 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өзге де ағымдағы міндеттемелер теңгеде көрсетілген.

21. КІРІСТЕР

	2011 ж.	2010 ж.
Тауарларды өткізуден түскен табыс	12,857,596	1,559,624
Басқарушылық қызмет көрсетуден түскен табыс	219,292	103,840
	<u>13,076,888</u>	<u>1,663,464</u>

22. ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2011 ж.	2010 ж.
Тауарлар	10,443,038	1,558,407
Байланысты тараптардың қызметтері	1,677,793	-
Барлығы	<u>12,120,831</u>	<u>1,558,407</u>

2011 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде байланысты тараптардың қызметтері әскери техниканы жөндеу және әдістемелік-нұсқаулық оқыту қызметімен ұсынылған.

23. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Жалақы және аударымдар	405,152	242,878
Кәсіби қызметтер	93,880	70,542
Салықтар	47,683	35,056
Операциялық жалдау бойынша шығындар	44,622	4,305
Тозу және амортизация	42,530	38,178
Иссапар және өкілдік шығындар	42,184	23,942
Күзетке шығындар	14,052	13,450
Материалдар	7,151	6,394
Байланыс қызметтері	5,958	5,350
Жөндеу және қызмет көрсету	5,534	2,666
Сақтандыруға шығындар	2,809	4,671
Коммуналдық қызметтер	2,513	3,170
Кәсіби оқуға шығындар	2,411	213
Өзгелері	39,551	16,869
	<u>756,030</u>	<u>467,684</u>

24. РЕЗЕРВТЕР БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша резервті есептеу	69,000	-
Күмәнді берешек бойынша (11 және 12 ескертулер)	457,915	53,303
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеу	24,613	-
Инвестицияның құнсыздануына резервті есептеу (7 және 8 ескертулер)	49,109	-
	<u>600,637</u>	<u>53,303</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін күмәнді берешек бойынша резервті есептеу тиісінше 13,388 мың теңге және 53,303 мың теңге сомасында қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша резервті есептеуді де қамтиды.

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Ағымдағы шоттар бойынша пайыздар түріндегі табыстар	73,285	-
Қаржылық жалдау бойынша пайыздар	776	9,184
Әділ құнға дейін түзету амортизациясы (12-ескерту)	83,155	5,297
	<u>157,216</u>	<u>14,481</u>

26. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Әділ құнға дейін түзету амортизациясы (17 ескерту)	30,002	29,219
	<u>30,002</u>	<u>29,219</u>

27. САЛЫҚ САЛУ

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	10,993	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығындар/(үнем)	27,935	(47,199)
Табыс салығы бойынша шығындар/(үнем)	<u>38,928</u>	<u>(47,199)</u>

Төменде 2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелерді туғызатын негізгі уақытша айырмаларға салық әсері ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер		
Берілген қарыздар	7,990	1,478
Көшірілетін салықтық залалдар	15,615	85,583
Күмәнді берешек бойынша резерв	35,385	164
Пайдаланылмаған демалыстар мен бонустар бойынша резерв	18,723	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтердің жиыны	<u>77,713</u>	<u>87,225</u>
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мен материалдық емес активтер	(15,218)	(13,938)
Алынған қарыздар	(4,444)	(10,444)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме жиыны	<u>(19,662)</u>	<u>(24,382)</u>
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер жиыны, нетто	<u>58,051</u>	<u>62,843</u>

Қаржылық есептілік пен салықтық есеп бойынша табыс салығының 20 % қолдану кезінде табыс салығы бойынша күтілетін шығындар арасындағы салыстырып тексеру төменде келтірілген:

	2011 ж.	2010 ж. (қайта саналған)
Табыс салығы бойынша шығындарды есепке алғанға дейінгі пайда/(залал)	<u>74,140</u>	<u>(141,959)</u>
20 % ресми салық ставкасы бойынша теориялық салық	14,828	(28,391)
Кейінге қалдырылған активтердегі өзгеріс	(4,792)	-
Тұрақты айырмадан салықтық әсер	<u>28,892</u>	<u>(18,808)</u>
Табыс салығы	<u>38,928</u>	<u>(47,199)</u>

2010 ж. қарашасында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне табыс салығының ставкасына қатысты өзгерістер енгізілді. Осы түзетулерге сәйкес 2011 1 қаңтарынан бастап табыс салығының мөлшелермесіне кейінгі жылдарда азайтусыз 20 % деңгейінде қалады.

28. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу және реттеуші орта

Қазіргі кезде Қазақстанда биліктің ұлттық, аймақтық органдары алатын әртүрлі салықтарға қатысты бір қатар заңдар бар. Осы салықтарға қатысты заңдар дамыған нарықтармен салыстырғанда көп уақыт бойы жұмыс жасамаған, сондықтан олардың ережелерін қолдану жиі айқын емес немесе мүлде белгіленбеген. Демек, салық мәселелеріне қатысты прецеденттер аз анықталған және заңдарға түсінік беруге байланысты түрлі пікірлер бар. Заңнамаға сәйкес салық органдары салық декларацияларын және/немесе салық төлеуін уақытылы немесе дұрыс бермегені үшін қомақты айыппұл мен өсімпұл салуы мүмкін. Мұндай факторлар салық жүйесі дамыған мемлекеттерге қарағанда Қазақстанда қомақты салық тәуекелдігін тудырады.

Заңдық мәселелер

Компанияға жекелей немесе жиынтықта елеулі әсер етпеген соттық талқылаудың және соттық шешімдердің объектісі болып Компания болған және болады да. Басшылық барлық іскерлік мәселелердің шешілуі Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне елеулі бір әсер етпейді деп есептейді.

Қоршаған ортаны қорғау

Басшылық қоршаған ортаның мәселелеріне байланысты Компания Қазақстан Республикасының талаптарын сақтайды және олар бойынша елеулі бір міндеттемелері жоқ деп басшылық есептейді. Осы жеке қаржылық есептілікте Компания болуы мүмкін шығындарды жабу қорларын көрсетпеді.

Компания үшінші бір тұлғалардың, сондай-ақ өз қызметкерлерінің алдында азаматтық құқықтық жауапкершіліктің, өндірістік активтердің сақтандыруын жүргізбеді. Сақтандырудың болмауы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің пайда болуын білдірмейді, сондықтан осы жеке қаржы есептілігінде, 2011ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осындай активтердің бүлінуімен немесе жоғалуымен байланысты көлденең шығындарға ешқандай резерв жасалмаған.

Кепілдіктер мен аккредитивтер

Өз қызметінің барысында Компания өз клиенттерінің қажеттіліктерін баланстан тыс тәуекелдермен қанағаттандыру үшін кепілдіктер мен аккредитивтерді пайдаланады. Бұл шартты міндеттемелер әртүрлі кредиттік тәуекелдерді қамтиды. 2011 ж. Компания еншілес кәсіпорындарының қарыздарын қамтамасыз ету ретінде жалпы 530,000 мың теңге сомасында банктік кепілдіктерді шығарды. 2011 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда аталған кепілдіктерге байланысты міндеттемелер туындамаған.

Нарықты шектеу

Компания қызметінің негізгі түрлерінің бірі әскери жабдықтарды әзірлеу, өндіру және өткізу болып табылады. Компания қызметі Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық болып табылады және лицензиялануға және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдауға тиіс. Бұл факті Компания шығаратын өнімдерді сату нарығын шектейді.

29. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржы құралдарына қарыздар, ақшалар мен қысқа мерзімді салымдар, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек кіреді. Компанияның қаржы құралдары бойынша ең басты тәуекелі болып пайыздық мөлшелермелерге, шетел валютасының бағамдық өзгеруіне байланысты тәуекелдер және кредиттік тәуекелдер саналады. Сондай-ақ, Компания барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін бақылайды.

Капиталдың жеткіліксіздігі тәуекелін басқару

Қарыз бен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы Акционер үшін пайда барынша ұлғайған кезде Компания өз қызметін үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде жалғастыра алатындығына көз жеткізу үшін Компания капитал жеткіліксіздігі тәуекелін басқарады. Компания капиталының құрылымы жарғылық капиталды, қосымша төленген капитал мен жабылмаған залалды қамтиды.

Есеп саясатының негізгі қағидалары

Тану өлшемдерін, бағалау негізін және қаржы активтерінің, қаржы міндеттемелерінің және үлестік құралдардың сыныптарының әрқайсысына қатысты табыстар мен шығындар танылатын негізді қоса алғанда есептік саясаттың негізгі қағидаттары мен қабылданған әдістер туралы деректер осы жеке қаржы есептілігінің 2-ескертуінде ашылған.

Қаржы тәуекелдігін басқару мақсаттары

Тәуекелді басқару – Компания қызметінің маңызды элементі. Компания тәуекелдердің дәрежелері мен шамасы бойынша тәуекелге ұрыну талданатын тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы Компания операцияларына жататын қаржы тәуекелдерін бақылайды және басқарады. Бұл тәуекелдер нарықтық тәуекелді (бағамдық тәуекелді, әділ құнға қатысты пайыздық ставканың өзгеруі тәуекелін және бағалық тәуекелді қоса алғанда), өтімділік тәуекелін және ақша ағынына қатысты пайыздық мөлшелерменің өзгеру тәуекелін қамтиды. Төменде Компанияның тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасы келтірілген.

Пайыздық мөлшелермелерге байланысты тәуекел

Пайыздық мөлшелермелерге байланысты тәуекел Компания үшін инвестицияның жалпы табыстылығының төмендеуіне және Компания қарыздары бойынша ақша ағымының ұлғаюына әкеп соқтыруы мүмкін нарықтық пайыздық ставкалардың өзгеруі тәуекелін білдіреді. Компания бұл тәуекелді маңызды деп есептемейді, өйткені үшінші тараптан қарыз тартпайды.

Бағамдық тәуекел

Компания бұл тәуекелді маңызды деп есептемейді, өйткені операцияның маңызды бөлігі теңгеде жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Компанияның қаржы құралдарымен шарттар ережелерін контрагенттердің орындамауы нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекел контрагенттердің міндеттемелер шамасы контрагенттер алдындағы Компанияның міндеттемелерінен асып түсетін сомаларымен (болған жағдайда) шектеледі. Компания саясаты кредиттік қабілеттілігі бар контрагенттермен қатар қаржы құралдарымен операция жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге ұрынудың ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең. Компания оның тәуекелінің ең жоғарғы шамасы сауда және өзге де дебиторлық берешек (11-ескерту), есепті күнге көрсетілген күмәнді берешектер бойынша резервтерді алып тастағанда берілген қарыздардың (12-ескерту) сомасына тең деп санайды.

Кредиттік тәуекелдің шоғырлануы оларға қатысты экономикалық шарттардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі өз міндеттемелерін орындау қабілетіне ықпал етуі мүмкін деп күтілетін негіз бар қызмет шарттары ұқсас бір қарыз алушыдан немесе қарыз алушы топтардан берешектің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

Компанияда мәмілелердің жағымды кредиттік тарихы бар тапсырыс берушілермен жасалуына және кредиттеудің белгіленген лимитінен асып кетпеуіне тұрақты бақылауды көздейтін саясат қолданылады.

Компания үшінші тараптардың міндеттемелері бойынша гарант болмайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарықтық бағаның өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ықтимал тербелісін білдіреді. Компания нарықтық тәуекелді нарықтық конъюнктураның жағымсыз өзгерісінен туындауы мүмкін әлеуетті залалдарды кезең-кезеңмен бағалау арқылы басқарады.

Өтімділік тәуекелі

Компания қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландырудың өтімділік тәуекелін Акционердің талаптарына сәйкес бақылайды. Компания өтімділік тәуекелін қалыпты резервтерді, банктік қарыздарды және қолжетімді кредиттік желілерді қолдау арқылы, болжамды және нақты ақша қозғалысын тұрақты мониторингілеу және қаржы активтері мен міндеттемелерді өтеу мерзімін салыстыру арқылы басқарады.

Келесі кестелерде Компанияның туынды емес қаржы міндеттемелері бойынша оның келісімшарттық мерзімдері көрсетіледі. Кесте Компаниядан төлем талап етілуі мүмкін ең ерте күн негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағымдарының дисконтталмаған қозғалысы негізінде жасалған. Кестеде ақша ағымдарын пайыздар бойынша да, қарыздың негізгі сомасы бойынша да қамтиды.

	Пайыздық мөлшелерме	1 ай – 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Жиыны
2011 ж.					
<i>Пайызсыз:</i>					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	-	80,627	-	-	80,627
Өзге ағымдағы міндеттемелер	-	50,102	66,000	-	116,102
Банктен тыс қарыздар	-	150,045	-	-	150,045
	Пайыздық мөлшелерме	1 ай – 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Жиыны
2010 ж. (қайта есептелген)					
<i>Пайызсыз:</i>					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	-	133,418	-	-	133,418
Өзге ағымдағы міндеттемелер	-	3,187	-	-	3,187
Банктен тыс қарыздар	-	100,000	150,045	-	250,045

Келесі кестеде Компанияның туынды емес қаржы активтері бойынша күтілетін өтеу мерзімдері көрсетіледі. Компания ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күткен жағдайларды қоспағанда басқа активтер бойынша алынатын пайыздарды қоса алғанда қаржы активтерінің дисконтталмаған келісімшарттық мерзімдері негізінде жасалған.

	Пайыздық мөлшелерме	1 ай – 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Өтеу мерзімі айқындалма ған	Жиыны
2011 ж.						
Шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге кепілдік	-	212,982	-	-	-	212,982
Берілген қарыздар	-	533,343	-	-	267,545	800,888
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	191,537	-	-	230,485	422,022
Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	-	2,798,077	-	-	-	2,798,077
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	-	419,629	-	-	176,926	596,555
2010 ж. (қайта есептелген)						
Берілген қарыздар	-	-	305,088	-	-	305,088
Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	-	4,354,325	-	-	-	4,353,325
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	-	443,178	-	-	820	443,998
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	319,187	-	-	217,097	536,284

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн мәжбүрлі өткізу немесе тарату кезіндегі өткізу жағдайларын қоспағанда, ол бойынша коммерциялық шарттарда хабарландырылған тараптар арасында құралдар құралдар айырбасталуы мүмкін сома ретінде айқындалады. Компанияның көптеген қаржы құралдары үшін әділ құнды айқындау үшін қолжетімді нарықтық тетіктер болмағандықтан, әділ құнды бағалау кезінде құралға тән ағымдағы экономикалық шарттар және нақты тәуекелдер негізінде қолжетімділікті пайдалану қажет.

Келесі әдістемелер мен қолжетімділіктерді Компания қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін пайдаланады:

Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері

Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің баланстық құны шамамен осы қаржы құралдарын өтеудің қысқа мерзімді сипатының салдарынан олардың әділ құнына тең.

Сауда және басқа да дебиторлық және кредиттік қарыздар

Өтеу мерзімі он екі айдан аз болатын активтер және міндеттемелер үшін баланстық құны аталған қаржы құралдарын өтеудің қысқа мерзіміне қатысты салдардан әділ құнына тең.

30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Компанияның қауымдастырылған және еншілес кәсіпорындарын және Компанияның жалғыз акционерін, сондай-ақ коммерциялық пайда алуға бағытталған мемлекеттік компанияларды қоса алғанда, Компанияның жалғыз акционерінің филиалдары мен еншілес компанияларын қамтиды.

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға Компания жүзеге асырған байланысты тараптармен операциялар негізінен қарапайым қызмет барысында жүргізілген және тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде басым болған шарттарда жасалған.

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша күмәнді берешек бойынша резервтер алына отырып, пайызсыз қаржылай көмек пен қаржы лизингі бойынша берешекті қоса алғанда байланысты тараптардың дебиторлық берешегі былайша ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж.
«832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ	191,537	303,966
«Басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС	56,764	-
«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	739,560	194,891
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	297,632	293,598
«ЗИКСТО» АҚ	59,703	67,435
«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	52,789	80,472
Өзге де еншілес кәсіпорындар	144,799	104,996
	<u>1,275,239</u>	<u>1,045,358</u>
Күмәнді берешек бойынша резервтер шегерілгенде	(267,545)	-
	<u>1,007,694</u>	<u>1,045,358</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздарды және дивидендтер бойынша берешекті қоса алғанда, байланысты тараптарға кредиторлық берешек былайша ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж.
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ(17 және 20-ескертулер)	243,827	197,825
«Семей инжиниринг» АҚ	26,693	1,251
Өзгелері	5,825	85,290
	<u>276,345</u>	<u>284,366</u>
Барлығы	<u>276,345</u>	<u>284,366</u>

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Компания Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және оның ведомствоға бағынысты ұйымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне тиісінше 12,857,596 мың теңге және 1,557,614 мың теңге сомасында тауарлар өткізуден және қызметтер көрсетуден табыстар алған.

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Компания еншілес компанияларға тиісінше 219,292 мың теңге және 103,840 мың теңге сомасында басқарушылық қызмет көрсетуден табыстар алған.

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін байланысты тараптардан көрсетілген қызметтер мен сатып алған тауарлар бойынша шығындар былайша ұсынылған:

	2011 ж.	2010 ж.
«Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС	-	1,557,614
«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	10,583,740	-
«Семей инжиниринг» АҚ	1,537,091	-
Барлығы	<u>12,120,831</u>	<u>1,557,614</u>

31. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІН БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Компания есепті күннен кейін еншілес және бірлескен кәсіпорындарға 3,986,549 мың теңге сомасында осы кәсіпорындардың қызметін дамытуға пайызсыз қаржылай көмек берді; Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінен тауарлар мен қызметтерді жеткізуге 14,497,178 мың теңге сомасында аванс алған; және «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС-не тікұшақтар жеткізуге 12,914,953 мың теңге сомасында және «№405 автожөндеу зауыты» АҚ-на әскери техниканы жөндеуге 178,200 мың теңге сомасында аванс берген.

2012 ж. 13 қаңтарында Компания «Қару-жарақты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына 394,859 мың теңге сомасында ақшалай қаражат енгізді.

2012 ж. 27 қаңтарында Компания «832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ-нан берешек есебінен 191,537 мың теңге сомасында жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар алды.

2012 ж. 15 ақпанында Компания аналық компаниядан Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық аспаптар өндіру орталығын құруға және еншілес ұйым базасында әскери мақсаттағы бронетехниканы жаңғырту, инженерлік-техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша өз өндірісін құруға 2013 ж. 30 желтоқсанына дейінгі мерзімге жылдық 3% пайыздық мөлшелермен 5,000,000 мың теңге сомасында қарыз алды.